

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 маусымдағы N 580 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.10.2013 № 1042 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесін және Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 28, 272-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінде:

2-тармақтағы "9-бабының 1-3-тармақтарында" деген сөздерден кейін ", 23-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында" деген сөздермен толықтырылсын;  
3-тармақтағы "2) - 4)" деген сандар "2), 4)" деген сандармен ауыстырылсын;

1 4 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - Орталық) берілетін төлемдердің тағайындалу негіздемесін көрсете отырып, зейнетақы мен жәрдемақы алушы куәлігінің көшірмесін ұсынады.

I және II топтағы мүгедектер, егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленген болса, жоғарыда санамаланған құжаттардан басқа, медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі берген мүгедектік тобын белгілеу туралы анықтаманың көшірмесін және

көрсету үшін оның түпнұсқасын ұсынады."; көрсетілген Ережеге қосымшада:

"- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне" деген абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленген болса, I және II топтағы мүгедектігі белгіленген отырып;";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесінде:

2-тармақтың бірінші абзацы "адамдарға" деген сөзден кейін ", сондай-ақ, егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленген болса, I және II топтағы мүгедектерге" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*